

Тараз қаласы парсы тіліндегі әзірге қолда бар жазба деректерде алғаш рет Нәршахи «Бұхара тарихы» атты кітабында сөз болады. Онда Тараз патшасының Ислам дінін қабылдау жайында «Әмір Нәср қайтыс болған соң Халифа Мұһтзедбелла Мауароннәһрдің билігін марқұмның бауыры Әмір Исмаиыл Саманйға тапсырды. Ол сол жылы 280 (893ж.) Тараз жорығына шықты. Көп тауқымет көрді. Соңында Тараз патшасы қаладан сыртқа шықты. Ислам дінін көптеген диқандармен бірге қабылдады. Тараз қақпасы ашылды. Үлкен шіркеу бас мешітке айналды. Әмір Мүмінін Мұһтзедбелланың атына хұтпа оқылды. Әмір Исмаиыл көп олжамен Бұхарға оралды. Жеті жыл патшалық құрды, Мауароннәһрдің билеушісі болды» деп жазды. Содан Тараз қаласы парсы және араб тілдерінде көптеген тарихи-әдеби шығармаларға енді. Мәселен, Тараз жайында ибн Хордадбей (820-913), Құдама ибн Жағфар (X ғ.), Әл-Истахри (850-934), ибн Хауқал сынды тарихшы ғалымдар қалам тербеген. Ибн Хауқал патшалық еткен дәуірде 943 жылы Бағдадтан сауда және саяхат мақсатында шығып, ислам мелекеттерін жиырма сегіз жыл бойы аралап шықты. Барлық көрген-білгендерін «Әл-Масалек - Әл-Мамалек» (Жолдар мен елдер) атты еңбегінде жазып қалдырды. Әл-Мұқәддәси (X ғ.), Әл-Идириси (1100-1165) сынды ғалымдар араб тілінде жазды.

Сондай-ақ, Әбу Сәғд Самани (1113-1167) X-XI ғасырлар аралығында Тараздан шыққан бірнеше ғалымдар жайында жазды. Әйгілі шығыстанушы, профессор Ә.Дербісәлі араб деректері бойынша, Тараздан шыққан ондаған ғалымдардың өмірі мен шығармашылығы жайында көлемді материалын жариялады.

Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде Тараз қаласының есімін бірнеше жерде атайды. Біріншісі өзінің төртінші атасы Әмір Сейіт Әлінің Таразда болғанын жазған. Онда: «Әмір Сейіт Әлі және оған қатысты хикаялар жөніндегі әңгіме» тарауындағы Әмір Сейіт Мырза Ұлықбектің оны өлтіру ниетімен жасалған айла-шарасын дәруіштің кейпінде әкесі Әмір Құдайдадтың жанына Моғолстанға қашып барар жолында «Ианги аталып жүрген Таразға» дейін барғанын жазды. Тараз жайында екінші рет Есенбұға хан Әмір Темірдің шөбересі Әбу Саид Мауароннәһрде патша болғанда кезекті бір жорығында оның қуғынынан қашып, «тарихи кітаптарда Тараз деп жазылған Иангиге дейін» барғанын жазған-ды.

Тараз жайлы үшінші рет «Қасым хан Қараталда қыстап, ерте көктемде өзінің туған өлкесіне қайта оралмақ болған еді, сонда бұған Кеттебектен бір кісі Сайрам әкімімен бірге келіп, Сайрамның кілтін алдына тарту етті. Ол қабыл алды. Содан моғолдар Ианги деп атап жүрген Тараз жаққа бет алды», - деп жазды.

Оның жанында болып та оған құрмет көрсетпеген жағдайда сынға ілінетін еді. Шынтуайтына келгенде оған іштей құрмет білдіруге тартынатын-ды. Сондықтан Қасым хан одан іргесін аулақ ұстайтын.

Тараз жайында төртінші рет «Моғолстандағы қалалардың аттары беделді кітаптарда жазылған. Және ол қалалар турасында көптеген түсініктер берген»,

Тараз қаласы парсы тіліндегі әзірге қолда бар жазба деректерде алғаш рет Нәршахи «Бұхара тарихы» атты кітабында сөз болады. Онда Тараз патшасының Ислам дінін қабылдау жайында «Әмір Нәср қайтыс болған соң Халифа Мұһтзедбелла Мауароннәһрдің билігін марқұмның бауыры Әмір Исмаиыл Саманйға тапсырды. Ол сол жылы 280 (893ж.) Тараз жорығына шықты. Көп тауқымет көрді. Соңында Тараз патшасы қаладан сыртқа шықты. Ислам дінін көптеген диқандармен бірге қабылдады. Тараз қақпасы ашылды. Үлкен шіркеу бас мешітке айналды. Әмір Мүминин Мұһтзедбелланың атына хұтпа оқылды. Әмір Исмаиыл көп олжамен Бұхарға оралды. Жеті жыл патшалық құрды, Мауароннәһрдің билеушісі болды» деп жазды. Содан Тараз қаласы парсы және араб тілдерінде көптеген тарихи-әдеби шығармаларға енді. Мәселен, Тараз жайында ибн Хордадбех (820-913), Құдама ибн Жағфар (X ғ.), Әл-Истахри (850-934), ибн Хауқал сынды тарихшы ғалымдар қалам тербеген. Ибн Хауқал патшалық еткен дәуірде 943 жылы Бағдадтан сауда және саяхат мақсатында шығып, ислам мелекеттерін жиырма сегіз жыл бойы аралап шықты. Барлық көрген-білгендерін «Әл-Масалек - Әл-Мамалек» (Жолдар мен елдер) атты еңбегінде жазып қалдырды. Әл-Мұқәддәси (X ғ.), Әл-Идирици (1100-1165) сынды ғалымдар араб тілінде жазды.

Сондай-ақ, Әбу Сәғд Самани (1113-1167) X-XI ғасырлар аралығында Тараздан шыққан бірнеше ғалымдар жайында жазды. Әйгілі шығыстанушы, профессор Ә.Дербісәлі араб деректері бойынша, Тараздан шыққан ондаған ғалымдардың өмірі мен шығармашылығы жайында көлемді материалын жариялады.

Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде Тараз қаласының есімін бірнеше жерде атайды. Біріншісі өзінің төртінші атасы Әмір Сейіт Әлінің Таразда болғанын жазған. Онда: «Әмір Сейіт Әлі және оған қатысты хикаялар жөніндегі әңгіме» тарауындағы Әмір Сейіт Мырза Ұлықбектің оны өлтіру ниетімен жасалған айла-шарасын дәруіштің кейпінде әкесі Әмір Құдайдадтың жанына Моғолстанға қашып барар жолында «Ианги аталып жүрген Таразға» дейін барғанын жазды. Тараз жайында екінші рет Есенбұға хан Әмір Темірдің шөбересі Әбу Саид Мауароннәһрде патша болғанда кезекті бір жорығында оның қуғынынан қашып, «тарихи кітаптарда Тараз деп жазылған Иангиге дейін» барғанын жазған-ды.

Тараз жайлы үшінші рет «Қасым хан Қараталда қыстап, ерте көктемде өзінің туған өлкесіне қайта оралмақ болған еді, сонда бұған Кеттебектен бір кісі Сайрам әкімімен бірге келіп, Сайрамның кілтін алдына тарту етті. Ол қабыл алды. Содан моғолдар Ианги деп атап жүрген Тараз жаққа бет алды», - деп жазды.

Оның жанында болып та оған құрмет көрсетпеген жағдайда сынға ілінетін еді. Шынтуайтына келгенде оған іштей құрмет білдіруге тартынатын-ды. Сондықтан Қасым хан одан іргесін аулақ ұстайтын.

Тараз жайында төртінші рет «Моғолстандағы қалалардың аттары беделді кітаптарда жазылған. Және ол қалалар турасында көптеген түсініктер берген»,

«осы кітаптарда айтылатын қалалардың бірі – Тараз. Онда моғолдар Таразды «Ианги» деп атайды делінген. Бұл «Иангидің» Моғолстанда орналасқаны айқын. «Иангидің» адамдары Мауароннәһрде көп. Оларды «Иангиліктер» деп атайды. Алайда, Ианги деп атайтын сол далада бірнеше қалалардың іздері, күмбез, мұнара, ханақа және медреселердің қалдықтары бар. Ал осы ескі қалалардың ішінде дәл қайсысының Ианги деп аталғаны һәм басқа қалалардың қалай аталғаны беймәлім», - деп жазылды.

Талай тарихи еңбектермен қатар ақындардың да жыр шумақтарына өзек болған Тараз қаласының іргесі б.з. бұрынғы 36 жылында қаланды. Шах Исмаил Самани (892-908) Тараз қаласын 893 жылы басып алды. Содан бастап бұрынғы Талас кейде Тараз делініп, соңында бір жолата Тараз аталып кетті. Оның себебіне тоқталар болсақ, Тараз атауы Талас атауына қарағанда парсы тілді самандарға тілінің фонетикалық заңдылықтарына сәйкес болғандықтан самандардың билік құрған кезеңде қолданысқа еніп кетті.

Тараз XVI ғасырда ойран болды. Бұны Әмин Ахмет Рази 1594 жылы жазған «Жеті ықылым» атты кітабында «Тараз бұрынғы заманда әйгілі қала болған. Оны «Ианги» деп атаған. Алайда, өзбектердің таптап қиратуынан ойрандалған. Қазіргі кезде Тараз маңында бір үңгір бар. Оны қаланың есімімен «Ианги» деп атайды. Тараз тұрғындарының басым көпшілігі мұсылман болған. Ол қаладан қадір тұтуға уәжіп деп саналатын көптеген ғалымдар шыққан» деп жазды. «Абылай ханның жорықтас батыры Мәмбет 1774 жылы ханмен бірге Талас өзенінің жағасына, қираған ескі Тараз қаласының орнына қарақалпақтарды көшіріп әкеліп, Әулиеата кентін салғызған». 1936 жылға дейін Әулие-ата аталды. 1936-38 жылдар аралығында – Мирзоян, 1938 жылы Жамбыл есімі берілді. 1997 жылғы 7 қаңтарда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтің жарлығы бойынша, мемлекеттік ономастика комиссияның қортындысы негізінде «Тараз» болып қайта өзгеріліп, өзінің бұрынғы тарихи атына ие болды.

Тараз өзіне тән ерекшеліктерімен парсы ақындарының жыр шумақтарына арқау болды. Парсының Рудаки (XI-941), Фердауси (941-1011), Әсади Туси (XII), Фэррохи Систани (X-1038), Горгани (т.ж. белгісіз-1074), Мәшүд Сәд (1048-1101), Сузани Самарқанди (XIIғ.), Хақани Шервани (1126-1199), Санаи (XI-XIIғ.), Дәқиқи (XI), Әнвәри (XII) сынды ақындары [156]. Тараздың аруларын, шеберханаларын, арғымағын, сәнді базары мен киімдерін және батырларын өз бәйіттеріне өзек еткен. Бұл да болса Тараз тарихында мақтанарлық көптеген дүниелері бар болғандығын айғақтайды. Сондықтан Тараз қаласының көрікті қырларын жырлаған Иран ақындарының қысқаша өмірбаянына тоқталып, олардың Тараз туралы жырлаған өлең жолдарымен нақтырақ танысайық.

Рудаки – Толық аты-жөні – Әбу Абдолла Жафар ибн Мұхаммед ибн Хаким ибн Әбдірахман ибн Адам. Самарқанның Рудак ауылында IX ғасыр ортасына таман дүниеге келіп, 941 жылы қайтыс болған. Кейбір зерттеушілер тумасынан зағип болған десе, екінші бір топ дүниеге келгеннен кейін жанарынан айрылған дейді.

Рудаки Әмір Насыр Самани (908-914 ж. билік құрған) сарайында болып, оның ықыласына бөленген. Сөйтіп одан көптеген сыйлықтар алып отырған. Ол парсының жаңаша поэзиясының негізін қалаушы болғандықтан оны парсы поэзиясының атасы деп атаған. Ең маңызды еңбегі – «Кәлила мен Димна» жыры

болып табылады. Ақын сондай-ақ мәснәуи, қасида, қита, ғазал, рубай, т.б. сол сияқты әртүрлі жанрда өз шеберлігін көрсете білген. Иран-тәжіктің әйгілі ақыны Тараз сұлуларын ерекше бағалаған:

Жүзінді бұрып, қандай пайда табасың михрабқа,

Бар көңілің бөлінсе Бұхар мен Тараз аруларына.

Келесі бір бәйітте Таразды былай бейнелейді:

Жаһаннан аздау үлес ап, қанағат етіп, қаласаң,

Рейден Таразға дейін уысыңа ал, көңілің тоқ боп қаласың.

Дүниеқор болып Ирандағы Рей қаласынан қазақ жеріндегі Тараз қаласына дейінгі аралықты өзіне қаратып алсаң да өз еркін, көңілің тоқ болып, әлемнен аз ғана қажетіңе жарар мүлікке қол жеткізсең де өз қалауың деп, ақын патшаға ескертеді. Адамзаттың пенделік тойымсыздығын естен шығармауды жөн көреді.

Фирдауси – Хаким Әбілқасым Фирдауси Тус аймағындағы Баж ауылында 941 жылы дүниеге келген. 35 жасқа толғанда 976 жыл шамасында «Шаһнамені» жырлай бастаған. Жасы 70-ке жеткенде дүние салған.

«Шаһнамеде» Иранның ежелгі патшаларын Исламнан бұрын 4 әулетке бөліп қарастырған. Олар: Пишдадтар, Кияндар, Әшкандар, Сасандар. Алғашқы екі әулет, яғни Пишдадтар мен Кияндар «Әвеста» және жалпы үнді — еуропа аңыздарында айтылған. Ал, үшінші әулет, яғни әшкандар «Шаһнамеде» тек қана 18 бәйітте жырланған. Сасандар дәуірі нағыз шынайы тарихи дәуір ретінде «Шаһнаменің» негізгі сюжеті болып табылады.

Фирдауси «Әвеста» кітабымен тікелей таныс болмаған. Бірақ Әбу Мансурдың прозалық «Шаһнамесін» молынан пайдаланған және дана қариялардың әңгімелерін де тыңдаған. Солардың қорытындысында «Шаһнамені» жырлаған. «Шаһнамеде» Иран елінің негізгі бәсекелесі ретінде Тұран елін суреттейді.

Жалпы, Фирдауси «Шаһнамесі» ежелгі Ираннан бастап күні бүгінге дейін Иран мен Тұранның тарихи көпірі іспеттес. Өйткені Иран мен Тұран ұрпақтарын нақты да айқын білу үшін, әрі жан-жақты зерттеу жұмыстарын жалғастыру үшін «Шаһнамеге» сүйенуге мәжбүр болды. Осымен «Шаһнаменің» екі елдің тарихи дерегі ретінде құнды дүние екені анық.

Фирдауси «Шаһнамесінде» қазақ жеріне, еліне катысты көптеген мағлұмат берген. Соның бірі қазақ даласында орналасқан Тараз жайында екенін айтқан жөн:

Екі қасы Таразда иіліп соққан садақтай,
Кірпіктері қап-қара қатар өскен теректей.

Сұлу жүзді Таразда гүл жайнаған аруға,
Барады оның алдына сәлем беріп жатуға.

Аруларын Тараздың сәкі үстіне шығарып,
Құр отырмай, арулар аймен жатты сырласып.

Шарап ішіп мастанып, думанды кешке кіреді,
Қара көз Тараз аруларын қасына алып сүйеді.

Арулары Тараздың бой жетпеген уыздай,
Жаратқан оны Тәңірім әдеппен наздан қауыздай

Тараздық, ғұздық, хәлләх күшті аттылар.
Бұл татыған отыз шыныққан мықты аттылар.

Арулары Тараздың сұңғақ бойлы келеді,
Тік саландар алдында иіліп сәлем береді.

Даласында Тұранның ұшқан кезі бүркіттің,
Арулары Таразды иіскеген сәті хош иістің.

Сұлу әйел Тараздық киімі бар үстінде,
Ұстайды өзін әдепті, байсалды мамық төсекте.

Отыр екен ол әлі түн ортасы ауғанша,
Тараз аруларымен құмары оның қанғанша.

Көтеріп айт дауысыңды – мадақ көріп естісін,
Ұлы патша Шын, Рум, Тараз бен бүкіл әлем естісін.

Әсәди Туси - Әбунәсір Әли ибн Ахмет Туси - Иран ақыны. Хорасанда шайқастар өрши түскен кезде селжұқтардың жеңіске жетіп, Ғазнауи әулеттері биліктен кетуге мәжбүр болған аласапыран заманында туған өлкесін тастап, Иранның батысында Әзірбайжанға қоныс аударған. Ол жерде Нәхжәван патшасы Әмір Әбу Долф Кәркәри сарайына жол тауып, оның уәзірі Ысмайылұлы Мұхаммедтің қолдауымен 1064-1066 жылдар аралығында Фирдаусиға еліктеп, төрт мың бәйіттен тұратын «Гәршасб наме» эпопеясын жырлап шықты. Осы шығармасында Тараз жайында былай жырлаған:

Күзетуге ай жүзді екі жүздей сан шекті,
Тараз аруларының өрумен шашын күй кешті.

Фәррохи Систани - Иран әдебиетінде Тараз қаласының әр түрлі құндылықтарын парсы ақындары қасида жанрында теңеу ретінде молынан пайдаланған. Керек десеңіз, мұндай тәсіл дәстүрге айналған. Оның ішінде Тараз арулары, киім-кешегінің нақыштары, тұлпары, батырлығы, т.б. ерекшеліктері сипатталады. Мың жылдан аса Тараз сондай құндылықтармен Иран ақындарының көңілінде орын алып, жырларына арқау болған. Мұның өзі Тараздың ежелден бері бойына жинақтаған жақсы қасиеттерімен мәнді болуынан дейміз.

Сол ақындардың бірі - Фәррохи Систани (толық есімі Әбулхасан Әли ибн Жулуғ) Систан аймағында дүниеге келген. Туған жылы беймәлім. 1038 жылы дүниеден озған. Ғұмыр жасы қанша болғаны жайында дерек жоқ. Алайда ол көңілді һәм махаббатқа құштар ақын болғандықтан өлеңдерінде мұңды сарынға көп бара бермейтін. Сол себепті қасида жанрында (мадақ өлеңдер) аса шеберлікпен, күрделі ойларды карапайым сөздермен аса көркем түрде жырлайтын. Сондықтан оның өлеңдері тыңдаушының сүйіспеншілігін

тудыратын. Жанға жағымды болғандықтан ол тез арада сарайға да, жалпы халыққа да танымал болды.

Өзінің сұлулықты сүйетін табиғатына сай Тараз аруларын да өлең жолдарында көркемдікке теңеуді ұмыт қалдырмаған. Мына бәйіттеріне – Сұлтан Махмудтың бауыры Әзд-ед-Дәуле Әмір Жүсіпке арнаған мадақ өлеңіне назар аударайық:

Сыннан өттің мүдірмей, балдай шекер тәттісің,
Шарап ішіп қолынан Тараз кербездерінің.

Өткізе бер шақырып, жүздеп, мыңдап мейрамын –
Қара шашты, хош иісті Шігіл, Тараз аруын.

Сұлтан Иәмин-әд-Дәуле Сумынатқа жорық жасап, ол жерді жаулап қайта оралғанда мына бәйітті жырлаған:

Кім ойлаған Тараз жолыменен,
Сумынатқа жорық жасар деп көп қосынменен.

Фәррохи Систани әмір Әбу Жақып Жүсіп ибн Насыр-ед-Диннің жомарттық пен беделін Тәржиһбәнд жанрында Таразды да бәйітіне қосып былай жырлады:

Тарту етсе Хижазды, қабылда Хижаз Тәңірі деп,
Сұрай барсаң Таразды, тарту етер Таразды да Тәңір деп.

Әмірлер мен сұлтандарды мадақтап айтқан бәйіттерінде:

Жел ескендей келеді қызметке алдыңа,
Мәртебелі Шігіл де, Тараздың патшалары да.

Горгани – Туған жылы белгісіз, 1074 жылы дүние салды. Горгани өз заманына сай замандас әмірлерін мадақтаудан құр алақан қалмаған. Сол әмірлердің бірі - Хожа Әбунәсір Мәнсур ибн Мұхаммед. Бұл әмір ақынның қасидасында ерекше ілтипатпен мадақталған. Соған арнап 42 бәйіттен тұратын мақтау өлеңінде Таразды да жырына арқау еткен:

Тараздық деп біледі тараздық оны үнемі,
Хижаздық деп біледі хижаздық оны үнемі.

Хош көрсе болды қай тілді,
Сол тілде әмір ғажайып өлең жырлайды.

Парсы, түрік, арабты да жырлайды,
Көңіл татын сөздеріменен шайады.

Тағы бір бәйітінде Тараздың арғымағын да бабына келтіріп мадақтағаны бар:
Жел тұрғандай болады тұлпары шапса арабтың,
Бағасы кем болған ба тұлпары шапса Тараздың.

Горгани жырлаған «Вис-Рамин» атты ғашықнамесінің негізгі сюжеті, Владимир Минорскийдің айтуына карағанда, Әшкәндар әулеті билік құрған дәуірдегі (б.з.д. 250-226 ж.) оқиғалардан алынған. Бірақ, ақын сол кездегі Вис-Рамин арасындағы ғашықтықты негізге ала отырып, өз заманының оқиғаларымен

қатар дамытады. Сөйтіп жаңа тұрпаттағы желімен жаңа болмысты дүниеге алып келеді.

Масуд Сәд - Мәсуд Сәд Сәлман тегі Хамадан қаласынан. 1047-1049 жылдар шамасында Лаһурда дүниеге келген. Бұл кезең Сұлтан Ибраһим Ғәзнәви патшалық құрған (1059-1101 ж.) заманмен тұспа-тұс келеді.

1077 жылы Сейф әд-Дәуле Махмұд ибн Ибраһим Үндістанның билеушісі болғанда Мәсуд та оның жақын туысы ретінде Үндістанға келген. Сейф әд-Дәуле мен оның қызметкерлері әкесі Сұлтан Ибраһимнің бұйрығымен 1088 жылы қуғындалып, түрмеге қамалды. Мәсуд Сәд те солардың қатарында қамауға алынған еді. Ақын жеті жыл бойы «Дәһәк», «Су» қорғанында, ал, үш жыл «Нан» қамалындағы абақтыда отырды. Оған Сұлтан Ибраһимге жақын жүретін Хәмит-ол-Мәлек-әд-Дәуле Әбілқасым Хас деген кісі араша түсіп, ақынды зынданнан босатқан (1097 ж.). Мәсуд Сәд тұтқыннан босатылған соң әкесінің үйіне оралады.

Сұлтан Ибраһим қайтыс болған соң (1101 ж.) оның ұлы Мәсуд ибн Ибраһим 1115 жылға дейін билік құрады. Ол Үндістан билігін өз ұлы Әзд әд-Дәуле Ширзадқа тапсырады. Оның уәзірі Әбу Нәсір парсылық ақынды Чаландар әмірлігіне тағайындайды. Бірақ, өкінішке орай, біршама уақыт өткен соң Әбу Нәсір патшаның қаһарына душар болып, қамауға алынады. Бұл тағдыр Мәсуд Сәдтің де басына келіп, мал-мүлкі тәркіленеді, өзі орнынан алынып, сұлтанның бұйрығымен Мәренжеде зынданға қамалады. Сегіз жыл өткен соң, яғни 1105 жылы Сәқәтолмоқ Таһир ибн Әли ибн Мошқан оған кешірім жасап, босатады. Ақын бостандыққа шыққан соң көптеген әмірлердің кітапханаларында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарады. Әмірлерді өлең жырларында мадақтай жүріп, сарайдың құрметіне бөленеді. Уақыты келген соң фәни дүниеден бақи өмірге аттанды (1120 ж.).

Қасида жанрында ерекше шеберлік танытқан шайырдан артында 16000 бәйіт жыр жинағы мұра болып қалған. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, парсы тілінде жазылған – бір және араб, үнді тілдеріндегі екі «Диуаны» да бар. Осындай ауыр тауқымет шеккен ақын да Тараз аруын естен шығармай, шайырлық шабытпен жыр жолдарына енгізген:

Сыланған кербез жүріспен өткен күнді еске алып,

Тараздық жарым жаныма оңаша келді бетке алып,

– деп еске алуына қарағанда, ақынның махаббат майданында бастан кешкен тараздық арудың бір бәйіт өлең жолына сыйдырған ғажап кербез жүрісті сұлу бейнесін көз алдына келтіреді. Сопы ақындарда ұшырасатын символдық шартты түрдегі сүйген жар шығар деп болжау да мүмкін емес. Тараз сұлуын әсем де кербез жүріспен ынтыға күткені нақтылы бейнемен берілген. Сондықтан ақын көне Таразда бастан кешкен өмір шуағын жыр шумағына орап, еске алып отырған шығар. Не болса да ақын махаббаты Тараз жерінде гүл ашқан жүрек сырын жырға орап беріп отырғандай әсерде қалдырады.

Сузәни Самарқанди - Шәмсәддин Мұхаммед ибн Әли Самарқанди Иран ақыны. Туған жылы белгісіз. 1177-1185 жылдар аралығында дүние салған. Иран ғалымы Мұхаммед Уфидің (1176-1232 ж.) айтуына қарағанда ақын ине-жіппен безендіру өнерімен айналысқандықтан Сузәни (Сузән - қаз.: ине) деп аталып кеткен.

Сузәни жастық шағында білім алу мақсатында Бұқараға сапар шеккен. Арыслан хан Мұхаммед (1062-1130ж.) және Санжар, Атсыз ибн Мұхаммед Хорезмшахтың замандасы болған. Ол өмір сүрген дәуірде атақты Сәнаи, Әнвар, Мүеззи, Әдиб Сабыр, Рашиди сынды ақындар болған. Сузәни олардың кейбіреулерімен айтысқа түскен. Алайда оның тілі уытты болған. Басқаларды балағаттап, оларға тіл тигізетін. Ол мұндай мінез-құлқын, яғни басқаларды даттаудан өмірінің соңғы кезінде бастартып тәубесіне келген. Оның диуанын қарастырсақ, Таразды атайтын бәйіттер де кездеседі:

Толған айдай толқыған, бойың сұңғақ ақ қайың тербелгендей,
Жұпар иісің аңқыған иіс суындай Тараздың болсын сұлу перідей.

Шаңырағында әлемнің әділ биік өнерің
Шын мен Тараз барғызар, Қағбаға да жетерсің.

Тараз бен Шыннан келген көрікті жандар көп болған,
Той-думанда өткіздің екі жақтан сұлулар толы кең тұрған.

Хақани Шервани (1126-1199ж.), Өз заманындағы атақты Иран ақындарының бірі- Әбу Бәдил Әфзәледдин Ибраһим ибн Әбу Хасан Әли ибн Осман. Ол ел ішінде Хақани Шервани деген лақаппен танымал болған. 1126 ж. Кавказдың оңтүстік шығысында Шерван уәлаятының Әрәс және Кура өзендерінің арасында дүниеге келген. Әкесі қайтыс болған соң оның дәрігер бауырының қолында өскен. Ол баланың жалынды дарынын байқап, араб тілі, әдебиеті және барлық ғылыми салаларда жан-жақты білім алуына жағдай жасаған.

Хақани жас шағында аса шеберлікпен жырлаған ғазал және қасидалары үшін «Һәссән ол Әжәм» атымен мәшһүр болған. Кейін Шерванның танымал ақыны Әбу Әһла Гәнжәви оны өзіне шәкірт етіп қабылдаған. Оны құрметтей жүріп, өз қызын берген. Кейінірек «Ақындар сұлтаны» деп Шерван Шаһқа таныстырып, Хақани лақап атын алып берген.

Хақани ғұмыры шытырман оқиғаларға толы болған. Алайда, әдеби әлемде парсы, араб тілдерінде өзінен құнды мұра қалдырған. Соның бірі өлең жинағы – «Диуанын» айтуға болады. Бұл диуан жиырма мың бәйіттен тұрады.

Өмірінің соңына таман 1184 жылы Шерван шахтың сарай қызметінен кетіп, Тәбриз қаласына қоныс тепкен. Сол қалада қалған ғұмырын сопылық кейпінде өткізген. Сөйтіп, 1199 жылы дүние салып, Тәбриздегі Сархаб ауданында орналасқан «шайырлар зияратында» жерленген. Мыңдаған жолдан тұратын поэмасынан Таразға орын беріп, еншісіне орай оның тарихи кезеңін суреттеген:

Хош иістіні маржандай етпесең керек айтарсың,

Онда қыз теңізбен Таразға қарай қайтарарсың.

Сәнаи - толық есімі Әбу Мәжд Мәждүд ибн Адам Сәнаи – Иранның атақты сопы ақыны. Ғазнейн қаласында он бірінші ғасырдың орта шенінде дүниеге келіп, 1131-1152 жылдар аралығында қайтыс болған деседі.

Дарынды ақын ретінде әйгілі болған соң Ғәзнәви патшаларының сарайында орын тепкен. Мәшүд ибн Ибраһим Ғәзнәви (1060-1113 ж.) жомарт та әділ патша мен Бәһрамшах ибн Мәшүд Ғәзнәви (таққа отырған жылы 1118 ж., дүние салған

жылы – 1152 жыл) патшалардың сарайында қызмет етіп, оларды өз жырларында мадақтап отырған. Дегенмен, өмірі тауқымет пен азаппен өткен ақын сопылық жолды ұстанып, дүниені тәрк етті. Бәһрамшах ол жағдайды көріп, оны құрметтеп, өз қарындасын оған ұзатпақ болды. Бірақ Сәнаи оның ұсынысын қабыл алмады. Жастық шағын Бәлх, Сәрәхс, Герат, Нишабур қалаларында өткізді. Ол әуелі Бәлх қаласында болып, сол жерден Меккеге қажылық парызын өтеуге аттанды. Мекке сапарынан кейін Бәлх қаласына оралып, әрі Сарахс, Мерв, Нишабур қалаларына ат басын бұрып, біраз уақыт жергілікті ұлық адамдармен жақсы қарым-қатынаста болып, 1124 жылы Ғазнейн қаласына қайта оралған. Ұзақ жылдар сапарда жүрген ақын біршама қасидалар жазып, Хорасанда өткен жылдарынан естелік ретінде еліне алып келген еді. Мәселен, «Бәлх күнделігі» («Карнаме-ие Бәлх») – соның бірі. Саяхат барысында да оның көзқарасы біршама өзгерістерге ұшырауы себепті Әбу Жақып Жүсіп Хамаданидің мүриді (шәкірті) болған. Ғазнейнге оралған соң сол өзі ұстанған сопылық жолын жалғастыруды мақұл көрген.

Оның мазары – Ғазнейн қаласында. Парсы поэзиясының стилін өзгертуде елеулі үлес қосқан ақынның өмірін екі дәуірге бөліп қарауға болатын сияқты: бірінші кезең - жастық шақта атақ іздеп, дүние кезіп, өмірін той-думанмен өткізген жылдары. Екінші кезең - көзқарасы, дүниетанымы өзгеріп, ойы толысып, ахлақтық, сопылық жолға бет бұрып, шындықты іздеген жылдары. Оның еңбектері – ақиқаттың гүлзары. Зерттеу тәсілі – пенделердің қиямет күніне дейінгі ғұмырын тану.

Сәнаи сопы ақын ретінде табиғаттың сұлулығына, Жаратушының жаратқан сүйікті пенделері мен имани сұлулық арасын таразыға салғандай. Оның салдарынан Тараздың кербез, қолаң шаш, аршын төс аруларын жырына арқау еткен өлең жолдарын ұшыратамыз. Мысалы:

Бұрылса да Қағбаға қарай барлығының жүздері,
Жүректері олардың Шын мен Тараз сұлуларын іздеді,

– деп, келетін ақынның өлең жолдары нағыз өмір мен махаббат қылын шертетін сырға толы. Өміршең қасиетін сезінеміз. Жұрттың бар назары Қағбаның жолында болса, ақынның жүрек назары Шын мен Тараз аруларында болуы Омар Хайям жырындағы танымды тандағандай. Неге парсы ақындары Шын сұлуларын, әсіресе көне Тараз аруларын жырға қосады? Ақын жүрегін арбаған Тараз сұлулары - сол қаланың көркемдік талғамының биік болып, ақын жүрегін тулатар салтанаты мен қылықтары – ақын махаббатының қозғаушы қуатына айналған тылсым сезімдей сыр шертеді.

Дәқиқи - Әбілмәнсүр Мұхаммед ибн Ахмад Дәқиқи — Самандар билік еткен дәуірде өмір сүрген ақындардың бірі саналады.

Дәқиқи – проза түрінде жинақталып жазылған «Шаһнаме Әбілмәнсүрді» тұңғыш рет жырлаған ақын. Дәқиқиден кейін Фирдауси аталмыш прозалық «Шаһнамені» және басқа да кәриялардың айтқан аңыздарын негізге ала отырып әлемге әйгілі өз «Шаһнамесін» жырлаған болатын.

Дәқиқи оныншы ғасырда дүниеге келген. Өзінің ұстанған діні зәрдөш діні болған. Жастық шағында жалындап көзге түскен оны өз нөкерінің бірі қазаға ұшыратты.

Дәқиқи өз жырларында саман патшалары мен Чәғани әмірлерін шалқыта жырлап мадақтаған. Қасида, ғазал әрі қита жанрларында өз заманында зор шеберлік танытқан. Оның ең үздік шығармасы яғни «Шаһнаменің» бір бөлігі «Гоштасб-наме» болатын. Онда Гоштасб патшаның билігі хақында және Зәрдөштің пайда болуы, һәм де Гоштасб пен Аржасб арасында болған діни қақтығыс жайында мол дерек көздерін береді.

Дәқиқидың әр түрлі өлең жанрларында аса алғырлығы мен нәзіктік әрі ой озықтығын байқатқаны үшін, Фирдауси оны аса жоғары бағалап, «тілі оралымды, баяндауы жеңіл, сөзі айқын ақын» деп мақтаған болатын. Мұндай зор мақтау бағасын Фирдаусидай классиктің аузынан берілуі Дәқиқи ақын мұрасының әлемдік мәні бар рухани құбылыс екенін айғақтай түседі. Дәқиқидың кейбір қасидалары, көбінесе, өзге ақындар арасында ақындық өнердің үлгі алар өнегесі ретінде парсы ақындарының назарында болған.

Дәқиқидің өзге Иран шайырлары сияқты Тараз аруларын жырына арқау етуінде жалпы әлем әдебиетінде парсы ақындарының махаббат лирикасында өзекті орын алу себебін терең танып, сырына енуді қажет ететін құпиясы мол сыр жатыр:

Бет бұрғанда Қағбаға қарай барлығы

Тараз бенен Шындағы сүйіктісіне жүректері жаңғырды.

Әнвәри - Оуһәдеддин Мұхаммед ибн Әнвари XII ғасырда өмір сүрген ирандық ақын әрі данышпан тұлға ретінде танымал болған. Өйткені, ол өз заманының әдебиет, хикмет, философия, математика және астрономия салаларында терең білім алған еді. Осы жан-жақты білімінің арқасында Ибн-Сина сынды ұлы ойшыл-ғалымның дүние танымына еліктеп, оны рухани жауларынан қорғауға бар күш жігерін сала әрекет еткен.

Селжүктердің соңғы ұлы патшасы сұлтан Санжарды (1117-1157 ж.) өлендерінде мадақтап жырға қосқан. Алайда сұлтан қайтыс болған соң да Хорасанға билік ете бастаған Ғүз әмірлерін қасидаларына арқау етіп, оларды жан-жақты насихаттап, мадақ жырларын жазды. Зерттеушілер ақынның өлген жылын шамамен 1187 жыл деп көрсеткен.

Әнвәридің сөз қолданысы аса тапқырлық пен ақындық шеберлік өнерін таныта алғанын оның шығармалары айғақтайды. Оның жырларында сол заман дүниетанымын аңғартатын ғылыми терминдер айтарлықтай мол қолданылған.

Шайыр қасида және ғазал жанрында айрықша дарынды екендігін де өз ортасына мойындата білген. Оған айғақ ретінде Әнвәридің өлең жинақтары бір емес, талай рет қайталанып басылым көргендіктерін айтуға болады.

Әнвәри де өз замандастарынан қалыспай, көне Таразды тілге тиек ету дәстүрін жалғастырған ақындардың бірінен саналады. Бұл сөзімізге мына бәйіттер дәлел:

Хотан сұлулары біздің жүрек пістесінен майлылау.

Тараз сұлуларының қара шашынан біздің жан қара қоюлау.

Ақынның салыстыра теңеулерінен махаббат майданына түскен ғашықтың сезім жолындағы бастан кешкен мұң-нала қайғысын Тараз сұлуларының мұң наласынан да басымдау деген ұғымға меңзейді.

Шашынан Хотән сұлуларының жүрегі менің қаралау,

Тараз сұлуларын көргенде түнде көзіңнен де қаралау,

- деп, ақын Тараз сұлуларының қара қасты, қолаң шашты, мойыл көздерін түн ортасы кезіндегі қою қараңғылықпен салыстыра суреттейді. Ал, Хотән аруларының шашының қарасынан – менің жүрегімнің ғашық жар үшін тартқан мұң-наласы басым түсіп жатса, не дерсің деген назын сездіреді.

Әдиб ол Мәмалек -Толық аты-жөні Әмір-ош-шоэра (шайырлардың әмірі деген бүркеншік лақап атын білдіреді). Әдиб-ол-Мәмалек Мұхаммед Садық ибн (қажы мырза) Хұсейін Фараһани. Атақты Иран ақыны 1860 жылы дүниеге келіп, 1917 жылы қайтыс болған.

Әдиб – Иранның әйгілі әдебиетші, мемлекет хатшысы болған, проза мен поэзияның ұстазы мырза Иса Қазм-мақамның (1777-1835 ж.) ұрпағынан еді. Мырза Иса кезінде шах Аббас мырза мен Мұхаммед шах Қажар сарайында министр болған. Кейінірек премьер-министрлікке дейін жоғарылап, каншалықты Иран елінің өркендеуіне еңбек етіп жүрген болса да Қажы мырза ағасы сияқты қызғаншақ шенеуніктердің өсек-аяндарының құрбандығына шалынып, Тегран қаласының Нигарстан бағында қастандықпен буындырылып өлтірілген.

Әдиб сондай қайраткер әдебиетші тегінен шыққандықтан бала шағынан парсы, араб, еуропа тілдері мен әдебиетіне ден қойған еді.

1898 жылдан бастап жазушылықпен қатар әдәб, мәжіліс, Ирак әжәм, Аптап басылымдарын басқара бастады. Шет елдерге және Иранның өз ішіне талай рет саяхатқа шықты. Содан бұлар әр түрлі өлең жанрымен таныс бола тұра, әсіресе, қасида және қита сарынында аса шеберлік танытқан талант ретінде танылған еді. Оның өлендері, көбінесе, қоғамдық өмір мен саяси күреске арналып жазылды. Ол отаншылдық, саяси, қоғамдық тақырыптарды толғағанда мысал айтып, онысын хикаяларға негіздеп баяндауға бейім болды. Түрлі саяси-әлеуметтік сарындар мен реформалық көзқарастарда ерекше көзге шалынды. Осы тұрғыдан оны өткен ғасырдағы парсы әдебиетінің айтулы әрі тұңғыш ұстазы деуге болатын шығар.

Әдиб Еуропаның әдебиетімен етене таныс болған. Екіншіден, араб тілін, әдебиетін, тарихын және исламият жайынан мол хабардар болған ақын. Ол шығармасында еуропалық дүниетанымымен қатар араб сөздері мен сөз тіркестерін пайдаланған.

Әдиб те Иранның өткендегі ақындары сияқты Тараз аруларына бір бәйіт арнаған. Бірақ бұл жолда оның Тараз сұлуларын суреттеуі басқа шайырлардан мүлдем бөлек. Өйткені ол мың жыл бойы Х ғасырдан бастап, яғни ақындықтың әбілхаят суын ішкен Рудаки мен Фирдаусиден ХХ ғасырға дейін парсы ақындары Тараз хақында, оның сылқым күн маңдай асқан сұлулары мен теңдесі жоқ әшекейлі зергерлік бұйымдарын үлгі етіп, жарыса жырлаған ақындық өнеріне нүкте қойғандай болады.

Өйткені, Әдибтің төменде келтерілген бәйітінен кейін парсы ақындарының көне Тараз жайлы жыр шумақтары тарих қойнауына кіріп, сырын ішіне бүккен тарихи жәдігерлікке айналып жүре бергендей сезіледі.

Қай уақытқа шейін баян етерсің,

Әй, сөзшең шайыр Тараз сүйіктілерінің жайын,

– деп ақын осы өлең жолымен Тараз жөнінде айтуға тоқтам салғандай сынайын білдіреді. Өйткені ирандықтар үшін Тараздың даңқы төмендеп, тарих тәлкегіне түскен Тараздың өзі талай рет қиратылып, ол қалаға көрік берген

әсемдіктер шетке сырғытылды. Ресей бодандығына кеткен Таразда енді біз қызығып, елти қоятындай не қалды деген ойды меңзейді.

Бірақ та, тарихтың мыңдаған жылдарында бойтүзеген Тараз қаласы өзінің орналасқан әсем табиғат аясында тоғыз жол торабының керуен сарайы іспеттес бойын тіктеп, жүзін жайнатып қазақтың тарихи-рухани бесігі болып мәңгі жасай бермек.

Resume

Cultural-historical image of Taraz was observed in basis of data in Persian language. It used written literaty-historical data between IX and XX century.

Özet

Taraz şehrinin tarihi-medeni hayatını fars dilindeki kaynaklara dayanarak inceliyor IX-XX yüzyıllar arasın içeren el yazıları kullanılmıştır.

Резюме

В статье на основе персидских письменных источников IX и XX веков рассматривается историко-культурный облик города Тараз.

Қазақтың қазақтығының басты белгісі- қазақша сөйлесуі

Н. Назарбаев
